ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2024 жылғы 09 тамыз дело №7119-24-00-2/9054 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Ж.К.Жетібаев,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Астана Опера «Мемлекеттік опера және балет театры» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «BegimAi» атауымен әрекет етуші Гаухар Шәкіратқызы Зайткерей

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Астана Опера «Мемлекеттік опера және балет театры» коммерциялық емес акционерлік қоғамының жауапкер жеке кәсіпкер «BegimAi» атауымен әрекет етуші Гаухар Шәкіратқызы Зайткерейге қатысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «BegimAi» атауымен әрекет етуші Гаухар Шәкіратқызы Зайткерей мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «BegimAi» атауымен әрекет етуші Гаухар Шәкіратқызы Зайткерейден талап қоюшы «Астана Опера «Мемлекеттік опера және балет театры» коммерциялық емес акционерлік қоғамына 10 259 (он мың екі жүз елу тоғыз) теңге тұрақсыздық айыбы және 308 (үш жүз сегіз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер жеке кәсіпкер «BegimAi» атауымен әрекет етуші Гаухар Шәкіратқызы Зайткерейден мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья Ж.К. Жетибаев

Көшірмесі дұрыс

Судья Ж.К. Жетибаев

Шешім 2024 жылғы 20 қыркүйекте күшіне енді.

Судья Ж.К. Жетибаев

Документ подписан: Жетибаев Ж. К., 09.08.2024